

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитеті туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2016 жылғы 1 маусымдағы № 276 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2016 жылғы 1 маусымдағы № 276 бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрлігінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2020 жылғы 24 қаңтардағы № 64 бұйрығымен

Ескеरту. Бұйрықтың Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрлігінің Бірінші орынбасары - ҚР Қаржы министрлігінің 24.01.2020 № 64 бұйрығымен.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңына және "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитеті туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитеті (К.Н. Абдулаев) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін "Республикалық құқықтық ақпараттандыру орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің

2016 жылғы 1 маусымдағы

№ 276 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитеті туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитеті (бұдан әрі - Комитет) орталық атқарушы органның құзыretі шегінде уәкілетті орган айқындайтын бюджеттік бағдарламалар және (немесе) тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша бірыңғай мемлекеттік сатып алушы үйымдастыру және өткізу саласындағы іске асыру функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ведомствосы болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, езге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет республикалық мемлекеттік мекеменің үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің органдарында шоттары болады.

4. Комитет өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарда әрекет етеді.

5. Комитет өз құзыretінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет төрағасының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен ресімделетін жеке қолданылатын құқықтық актілер шығарады.

6. Комитеттің құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келіскеннен кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жауапты хатшысы бекітеді.

7. Комитеттің заңды мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Женіс даңғылы, 11.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 24.04.2019 № 386 бұйрығымен.

8. Комитеттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

9. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

11. Комитетке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. Комитеттің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

12. Комитеттің миссиясы уәкілетті орган айқындайтын бюджеттік бағдарламалар және (немесе) тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу болады.

13. Уәкілетті орган айқындайтын бюджеттік бағдарламалар және (немесе) тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз ету Комитеттің міндеті болып табылады.

14. Комитеттің функциялары:

1) уәкілетті орган айқындайтын бюджеттік бағдарламалар және (немесе) тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізбесі бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу;

2) мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидаларында белгіленген құжаттарды қамтитын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге арналған тапсырманы қарау;

3) тапсырыс беруші ұсынған Мемлекеттік сатып алуды жүргізу қағидаларында белгіленген құжаттарды қамтитын тапсырма негізінде конкурстық құжаттама (аукциондық құжаттама) жобасын әзірлеу және бекіту;

4) конкурстық комиссияның (аукциондық комиссияның) құрамын айқындау және бекіту;

5) конкурстық құжаттамаға (аукциондық құжаттамаға) өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

6) мемлекеттік сатып алу веб-порталына мемлекеттік сатып алу жүргізу туралы хабарландыруды орналастыру;

7) тапсырыс берушіге, мемлекеттік сатып алу веб- порталында автоматты түрде тіркелген, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына конкурстық құжаттаманы (аукциондық құжаттаманы) және (немесе) конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) техникалық ерекшелігін алған тұлғалар тарапынан сұраулар мен ескертулер жіберу;

8) конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алу жеңімпазын айқындау;

9) Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Занына сәйкес әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп тану туралы шешім қабылдау;

10) заңнамаларда көзделген жағдайларда мемлекеттік сатып алудың өнім берушілерін жосықсыз қатысушылар деп тану туралы сотқа қуыну талаптарын жіберу;

11) мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асыру;

12) жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша өтініштерін қарау;

13) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің және халықаралық шарттарының жобаларын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құзыretі шегінде өзірлеуге қатысу;

14) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Комитеттің құзыretіне кіретін мәселелер бойынша және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің актілерінде оларды бекіту бойынша тікелей құзыretі болған кезде нормативтік құқықтық актілерді бекіту.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 19.01.2018 № 40 бұйрығымен

15. Комитеттің құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыretі шегінде бүйрықтар өзірлеуге және қабылдауға;

2) шетел жұмыстарының тәжірибесін іс-тәжірибеде пайдалану жөніндегі ұсыныстарды өзірлеуге;

3) уәкілетті орган айқындайтын бюджеттік бағдарламалар және (немесе) тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізбесі бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу үшін тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшеліктері, жобалық-сметалық құжаттамасы, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасы, сарапшыларды немесе сараптамалық комиссияны тарту туралы ақпаратты сұратуға құқылы.

3. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметке тағайындастырын және қызметтен босататын төраға басқарады.

Комитет төрағасының заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жауапты хатшысымен Комитет төрағасының ұсынуы бойынша қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын екі орынбасары болады.

17. Комитет төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық етеді және Комитетке жүктелген функциялардың жүзеге асырылуына жеке жауап береді.

18. Комитеттің төрағасы мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) өз орынбасарларының, Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттерін және өкілеттіктерін анықтайды;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Комитет қызметкерлерін лауазымға тағайындауды және лауазымынан босатады;

- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәртіптік жауапкершілік шараларын қабылдайды;
- 4) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;
- 5) Комитеттің заң бөлімшесіне жетекшілік етеді;
- 6) Комитеттің штат саны лимитінің шегінде штаттық кестені бекітеді;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Комитет қызметкерлерін іссапарға жіберу, оларға демалыстар беру, материалдық көмек көрсетеу, даярлау (қайта даярлау), біліктілікті арттыру, көтермелеу, үстемеақы және сыйақы төлеу мәселелерін шешеді;
- 8) Комитеттің бұйрықтарына қол қояды;
- 9) Комитетті барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда білдіреді;
- 10) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша дербес жауапты болады;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.01.2018 № 40 бұйрығымен

19. Комитеттің Төрағасы болмаған уақытта оның міндеттерін Қазақстан Республикасының Қаржы министрі айқындайтын орынбасарларының бірі атқарады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 19.01.2018 № 40 бұйрығымен

4. Комитеттің мұлкі

20. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мұлкі болады.
Комитетке бекітіп берілген мұлік республикалық меншікке жатқызылады, оған мемлекет берген мұліктің есебінен қалыптастырылады және негізгі қорлар мен айналым қаражатынан, сондай-ақ құны Комитеттің балансында көрсетілетін өзге де мұліктен тұрады.

21. Комитеттің өзіне бекітілген мұлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

5. Комитеттің қайта ұйымдастыру және тарату

22. Комитеттің қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК